



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ  
ТҰҢҒЫШ ПРЕЗИДЕНТІ - ЕЛБАСЫНЫҢ ҚОРЫ

**«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ – 2017»**

студенттер мен жас ғалымдардың  
XII Халықаралық ғылыми конференциясының  
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ**

XII Международной научной конференции  
студентов и молодых ученых  
**«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ – 2017»**

**PROCEEDINGS**

of the XII International Scientific Conference  
for students and young scholars  
**«SCIENCE AND EDUCATION - 2017»**



14<sup>th</sup> April 2017, Astana



**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ  
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**«Ғылым және білім - 2017»  
студенттер мен жас ғалымдардың  
XII Халықаралық ғылыми конференциясының  
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ  
XII Международной научной конференции  
студентов и молодых ученых  
«Наука и образование - 2017»**

**PROCEEDINGS  
of the XII International Scientific Conference  
for students and young scholars  
«Science and education - 2017»**

**2017 жыл 14 сәуір**

**Астана**

**УДК 378**

**ББК 74.58**

**Ғ 96**

Ғ 96

«Ғылым және білім – 2017» студенттер мен жас ғалымдардың XII Халықаралық ғылыми конференциясы = The XII International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2017» = XII Международная научная конференция студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2017». – Астана: <http://www.enu.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2017. – 7466 стр. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-827-6

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 378

ББК 74.58

ISBN 978-9965-31-827-6

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия  
ұлттық университеті, 2017

готовых генераторов.

Для рационализации потребления энергии Корейское государство задает высокие мерки как простым жителям, так и предприятиям, поэтому каждый житель этой страны ответственно относится к электроэнергетике, а также к использованию газа, воды, предприятиям ставят высокие планки для защиты окружающей среды, что также немаловажно. В Конституции страны имеется статья о праве человека на жизнь в нормальной природной среде. [4] В этом вопросе Казахстану следует обратить внимание на успешный опыт Южной Кореи. Такой шаг хоть и приведет к повышению стоимости на энергию, но в конечном итоге позволит стабилизировать и значительно снизить потери и затраты на производство энергии. В долгосрочной перспективе необходимо постепенное контролируемое повышение тарифов на энергоресурсы до уровня, максимально приближенного к условиям рынка. Долгосрочная тарифная политика должна ограничить расточительное потребление энергии, а также стимулировать инвестиции в модернизацию и повышение энергоэффективности. [1, 373 с.] Данное предложение является максимально подходящим в нынешних условиях, и вероятность улучшения положения альтернативной энергетики, энергетики в целом, а также благосостояния населения в долгосрочной перспективе.

Эффективное использование альтернативных источников энергии может помочь как Казахстану, так и Республике Корея достичь устойчивого развития в экономической сфере, а именно производство чистой электроэнергии, создание новых постоянных рабочих мест с привлечением высоко квалифицированных специалистов в машиностроительной, электротехнической и энергетической отраслях. Большой потенциал ВИЭ, располагаемый двумя странами, позволит не только обеспечить чистой и возобновляемой энергией энергетически и ресурсно-дефицитные регионы стран, но и направить ее излишки для диверсификации экспорта не сырьевым массовым товаром. А экспорт есть неотъемлемая составляющая ведущих держав в сфере использования альтернативных источников энергии.

#### **Список использованных источников:**

1. ОЮЛ «KAZENERGY», Национальный энергетический Доклад 2015г., 373 с.
2. <http://www.windenergy.kz/rus/> (по состоянию на 17 марта 2017г.).
3. <http://articlekz.com/article/9430>, Мусабекова Л.А., Гумарова Т.А., статья «Реализация ветровой энергетики в Казахстане», Алматы, 2012г. (по состоянию на 17 марта).
4. <http://bnews.kz>, статья «Разработки в «зелёной» энергетике продемонстрируют Италия и Южная Корея на ЭКСПО-2017», Астана, 2016г (по состоянию на 17 марта 2017г.).
5. Margaux CHANAL Research Associate, Global Energy Network Institute, How is 100% Renewable Energy Possible in South Korea by 2020?, 2012, P.24
6. Sang Keun Yu, New and Renewable Energy in Korea, 2015, P.4

ӘОЖ 32:327

## **ҚЫТАЙ ХАЛЫҚ РЕСПУБЛИКАСЫ СЫРТҚЫ САЯСАТЫНЫҢ КОНЦЕПТУАЛДЫҚ НЕГІЗДЕРІ**

**Бейсенбаев Олжас Тусупбекұлы**

[ol-zheke@mail.ru](mailto:ol-zheke@mail.ru)

Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ Халықаралық қатынастар факультеті  
шығыстану кафедрасының оқытушысы, гуманитарлық ғылымдар магистрі

XXI ғасырдың басындағы әлемдік тәртіп, жаһандық проблемаларды шешу қадамдары, халықаралық қауіпсіздікті орнату жолдары Қытай үшін аса маңызды болып есептеледі. Қазіргі уақытта көптеген елдер Қытаймен қарым-қатынас жүргізу жолдарын қайта қарастыруда. Зерттеушілер Қытай үкіметі ғасырлар бойы қалыптасқан сыртқы саясат

қағидаттарынан тайынбайды деп болжайды. Алайда, соңғы онжылдықта жаһандық қаржы-экономикалық дағдарыс және тағы басқа халықаралық қатынастар «архитектурасының» өзгеруіне байланысты концептуалдық тұрғыда түрде дамып отырғанына куә боламыз.

Қытай сатылы түрде Ұлы бірігу (Датун) қоғамын құру бағытында келеді. Оған жету ұзақ және күрделі болмақ. Датунға жақындаудың сатысы – қытайлық ерекшелігі бар социализмді құру. ҚКП деңгейінде осыған байланысты «модернизацияны іске асыру, Отанды қайта біріктіру және өзара даму үшін бүкіл әлемдегі бейбітшілікті қорғау» тапсырмалары қойылды[1].

ҚХР сыртқы саяси стратегиясын жүзеге асыру үшін бірқатар механизмдер мен дипломатиялық құралдарды қолданады[2, 76 б.].

*Біріншіден*, Қытай екіжақты қатынастардың сапасы мен санын арттыруға тырысады. Осы бағыттағы негізгі механизм – дамушы және дамыған мемлекеттермен, аймақтармен «стратегиялық диалог», «стратегиялық әріптестік» байланыс орнату. Оған мысал ретінде Африка және Латын Америкасы елдерімен достық қарым-қатынастардың орнауын айтуға болады. Қазіргі уақытта ҚХР аймақтық ұйымдардың белсенді қатысушысы ғана емес, сонымен қатар осындай ұйымдардың құрушысы болып табылады.

*Екіншіден*, сыртқы саясаттағы мақсаттарына жету үшін Қытайда жаңа бастамалар пайда болды. Мұндай бастамаларды экономикалық дипломатия, әскери дипломатия және ҚХР басшыларының дипломатиясы ретінде бөліп қарастырамыз.

*Үшіншіден*, Қытай ішкі және сыртқы саясатын белгілі тұжырымдама аясында жүзеге асырады. ҚХР басшылығының өзге мемлекеттерден басты айырмашылықтарының бірі осы.

Қытайдың кез-келген сыртқы саяси ұстанымдары оның экономикалық мүдделерімен, ішкі терең мәселелерімен үндесіп жатыр. Осы орайда атақты реформатор Дэн Сяопиннің 24 иероглифтен тұратын қағидаттары – «салқынқандылықпен бақылау, байсалдылықпен әрекет ету, әр қадамын есептеу, қолайлы сәтті күтіп, шынайы мүмкіндіктерін жасыру, ешқашан өзіне жауапкершілік алмау және кез-келген іс-әрекетке дайын болу» бүгінгі көрші мемлекеттің ішкі-сыртқы саяси стратегиясының өзегі болып саналатынын ескеруіміз қажет. XX ғасырдың соңы – XXI ғасырдың басында ҚХР сыртқы саяси принциптері трансформацияланып, жаңа сыртқы саясат тұжырымдамалары арқылы көрініс тауып отырады.

Цзян Цзэмин билігі кезеңінде Дэн Сяопиннің «өз мүмкіндіктерін жасыру»(таогуан янхуй – юсо цзовэй) принципіне сүйеніп, сыртқы саясатта байыпты көзқарас ұстанды. Сонымен қоса ол *«реформалар және ашықтық»(гайгэ кайфан)* концепциясы арқылы мемлекет алдында келесідей міндеттер қойды: ҚХР сыртқы экономикалық байланыстарын дамыту; шет елдік алдыңғы қатарлы техника мен технологияның қолдану; экспорт көлемін ұлғайту; сыртқы экономикалық байланыстардың және шет елдік капиталды тартудың жаңа формаларын енгізу [3, 124 б.].

Алайда бұл ұстанымдар қандайда бір дәрежеде Қытайдың аймақтағы және жаһандағы белсенділігін шектейтінін түсінген Цзян Цзэмин 1990-2000 жылдары бұл концепцияны жаңа стратегиялық бағыттармен толықтырды. Оның алғашқысы – *«кешенді ұлттық қуат»(цзунхэ гуоли)* концепциясы [4, 109 б.]. Оның мақсаты – ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз етуде әскери фактордың рөлін азайту, сондай-ақ Қытайды әлемдік қауымдастықтың ең беделді мүшелерінің қатарына қосылу мүмкіндіктерін кеңейту. Екіншісі – кеңінен таралған *«көпполярлық»(доуцзихуа)* концепциясы. Бұл тұжырымдама әлемдегі бірнеше күш орталықтарының болуына, олардың өзара бәсекелесуі және ұстап тұруы, бейбіт қатар өмір сүру және өзара тиімді ынтымақтастығына негізделді. Цзян Цзэмин айтқандай «аздаған ірі мемлекеттер және одақтар біздің әлемде монополист болып, басқа елдердің тағдырын шешкен дәуір артта қалды және ешқашан қайтып оралмайды; ірі мемлекеттердің өзара қарым-қатынастарын қайта реттеу және құрылымдау үрдісі жүріп жатыр.

Келесі концепция – *«сыртқа шығу»(цзоу чу цюй)*. Бұл концепция Қытайдың сыртқы сауда саласын нығайтуға бағытталды. Қайта құру кезеңіне дейін мемлекет экономикасы жабық күйде болды, сондықтан импорт және экспорт деңгейі өте төмен еді. Сыртқа шығу

саясатын жүргізгелі сауда-экономикалық салаға қатысты негізгі идеялар мен саясат реттеліп, жетілдіріліп отырды. Бұл концепция Қытайдың сауда-экономикалық дамуындағы тарихи кезең – ДСҰ кіруімен жалғасын тапты.

Цзян Цзэминнің жариялаған ең маңызды тұжырымдамалары – «Қытайдың ұлылығын қалпына келтіру» (*чжунго вэйда фусин*) және «қытай ұлтының ұлылығын қалпына келтіру». Осы тұжырымдамалар ҚКП XVI съезінде (2002 жылы) Қытайдың үшінші буын басшыларының келесі буынға саяси тапсырмасы ретінде жарияланды. Осы жиында аталған тұжырымдамаларға сүйене отырып, Қытай Төрағасы келесі үш тарихи міндеттерді алға қойды: 1) модернизацияны алға жылжыту 2) Отанның бірігуін аяқтау 3) бүкіл әлемдегі бейбітшілікті қорғау және елдердің қатар дамуын қолдау [4, 46 б.]. Қысқаша айтқанда, қытайлық ерекшеліктегі социализмді құру жолында қытай ұлтының ұлы өркендеуін жүзеге асыру.

Сыртқы әлемге ашылып, халықаралық қатынастардың көпжүйелі болу керектігін жариялаған Бейжіңнің қадамдарын әлемдік қауымдастық әртүрлі қабылдады. Қытайдың әлемнің бірнеше орталығы болу керектігін жариялап, әскери-экономикалық күш қуатын арттыруы көптеген мемлекеттердің күмәнін және қаупін тудырғаны рас. Осы орайда Қытай «Бейбіт өркендеу» саясатын алға қойды. «Бейбіт өркендеу» Қытайды соғыс жүргізбей-ақ әлемдік кеңістіктің көшбасшыларының біріне айналдыруды көздейді.

«Бейбіт өркендеу» (*хэтин цзюэци*) идеясын халықаралық қауымдастықтың назарына алғаш рет 2003 жылы 3 қарашада Боао форумында ҚХР қоғам қайраткері, бұрынғы ірі партиялық қызметкер Чжэн Бицзян ұсынды. Мемлекет басшылығы жаңа сыртқы саяси тұжырымдаманы оған ресми дәреже бермей тұрып реттеп алды. Расында 2003 жылдың соңынан бастап «бейбіт өркендеу» термині ҚКП Саяси кеңес бюросының жетекші лауазымды қызметкерлері қолдана бастады [5, 12 б.]. 2005 жылы күзде Чжэн Бицзянның аталған сұраққа арналған мақаласы «Форин афферз» американдық журналында жарияланды. Ол бойынша «бейбіт өркендеу» тұжырымдамасы үш қағидатқа негізделді:

*Біріншіден*, ҚХР стратегиясы экономикалық жаһандануға қатыса отырып, мемлекеттің бейбіт өркендеуі үшін қытайлық ерекшелігі бар (цзяньли ю Чжунго тэсэдэ шэхуэйчжуи) социализмді құру жағдайын қамтамасыз етеді.

*Екіншіден*, өзіндік күшке сенім артуға талпынатын Қытай, дегенмен де әлемдік халықаралық назарды қажет етеді.

*Үшіншіден*, ҚХР талпынатын өрлеу бейбіт болып келеді: Бейжің агрессия мен сыртқы экспансияға негізделген жолды мойындамайды, сондай-ақ Қытай экономикасы дамуының байырғы индустриалды үлгісін өткеру үшін қажетті шаруашылықтың қор жинақтаушы үлгісін құру қажеттілігі мен әлеуметтік бақылаудың ескірген үлгісін жаңарту жайында, «үйлесімді социалистік мемлекеттерді» құру мен демократиялық институттар және заңның үстемдік құру қағидаттарын бекітудің нақты әрі қызық идеялары дами бастады. Қытай өзіндік ұлттық тапсырмаларды ҚХР-ды құрудан кейінгі жылдардағыдай халықаралық қатынастардың жүйесі шеңбері негізінде аутсайдер емес, инсайдер тұрғысынан жүзеге асыруға байланысты ұсынысын білдірді [6, 21 б.].

Мемлекеттің «бейбіт өркендеуі» әлемнің көшбасшы мемлекеттерінің, яғни, Еуропа, АҚШ және Жапониямен кең ауқымды экономикалық серіктестікте болуымен түсіндіріледі. Қытай «Үлкен сегіздік» және өзге де әскери, саяси кеңестердің құрамына кірмей-ақ, НАТО-мен серіктестік әрекеттері арқасында өзіндік ықпалды арттыруды көздейді [7, 211 б.]. Қытайдың жетекші мемлекеттерге қатысты қызығушылығы жоғары, өйткені бұл – маңызды сауда серіктестері және қажетті шикізат көздері болып табылады.

«Бейбіт өркендеу» стратегиясы шеңберінде Қытай ішкі мәселелерін өзіне ғана тапсырып, өзге мемлекеттердің жағдайларына қол сұқпауды мақсат тұтты. Бірақ «бейбіт өркендеудің» негізгі мақсаты – Қытайды қысым мен күш қолданбай (экономикалық байланыс және бейбітсүйгіш сыртқы саясат арқылы) жаһандық жетекшілікке жететін мемлекет ретінде таныту еді [4, 112 б.]. Қытай экономикалық жаһандану және көпжүйелі әлемді қалыптастыру үрдісінде белсенді рөл атқаруға дайын, әлемнің даму тағдырына жауап

беретін мемлекет ретінде көрсеткісі келді. Алайда бұл ұстаным халықаралық қауымдастықта әртүрлі деңгейде қабылданып, Қытайдың сыртқы имиджіне кері әсерін тигізді. Өйткені бірқатар мемлекеттер Қытайдың мұндай мақсаттарымен «бейбіт» өркендеуіне сенімсіздікпен қарады. Осылайша 2004 жылы жаңа «бейбітшілік және даму» тұжырымдамасын Бейжің ұсынды. 1990-жылдардың соңы – 2000-жылдардың басынан Қытай стратегиясының басты бағыттары: экономикада «ашықтық және әлемдік экономикамен ықпалдасу» саясатынан «әлемдік рынокқа интеграциялану»; сыртқы саясатта – «реформалардың дамуына халықаралық жағдайларды жасаудан» «халықаралық қауіпсіздіктің жаңа архитектурасын құрастыруға белсенді қатысу» бағытына ауысты.

Мемлекет бейнесін қалыптастыру контекстіндегі «Бейбіт өрлеумен» байланысты сәтсіздіктен соң ҚХР билігі «гармония» және «алтын орта аралықты» ертеден құрметтеген дәстүрлі конфуциандық ойдың гуманистік құндылықтарына жүгіне отырып, «үйлесімді әлем» (*хэсие шицзие*) тұжырымдамасын ұсынды.

Қытай көшбасшысы Ху Цзиньтао «үйлесімді әлем» идеясын алғаш рет 2005 жылы Джакартада сәуір айында көпшілікке ұсынған еді. Сол жылы қыркүйек айында БҰҰ-ның 60-жылдық мерейтойын тойлау кезінде Ху Цзиньтао «бірлесе отырып үйлесімді әлемді» қалыптастыруға ұсыныс білдірді. Қытай дәстүрінің «үйлесімді» құндылықтарын, ҚХР-дың заманауи мақсаттары мен мемлекеттің сыртқы саясатын біріктіру мүмкіндігі Ху Цзиньтаоның 2006 жылдың сәуірінде Йель университетіндегі айтқан сөзінде көрініс тапты.

Қытайдың қазіргі заманғы халықаралық қатынастар академиясы АҚШ институтының директоры Юань Пэннің 2007 жылғы зерттеуі бойынша «үйлесімді әлем» саясаты халықаралық қатынастардағы өзгерістер және Қытайдың күшеюіне байланысты дайындалды. Ғалымның пікірінше, «үйлесімді әлем» тұжырымдамасының басты бағыттары [8, 122 б.]:

- «Үйлесімді әлем» тек теория ғана емес, дипломатиялық тәжірибе. Ол Қытайдың АҚШ, Ресей, Жапония, көршілес елдер, дамушы мемлекеттермен байланысын үйлесімді қылуға арналған;

- Ұлттық мүдде мақсатында идеологиялық көзқарастардан бас тарту, сыртқы аянда «күрес» философиясын «әріптестік» концепциясымен ауыстыру да үйлесімді саясат ретінде қарастырылады;

- «Үйлесімді әлем» дегеніміз «халықтың мүддесін қорғайтын дипломатия» дегенді білдіреді, «басты назарда – адам», нақтырақ айтқанда «шет елдегі отандастар»;

- Сыртқы саясаттағы американдық басымдықты азайтып, көпвекторлы бағытқа ауысу (өткен кезеңдердегідей екіжақты емес, көп жақты) – бұл «үйлесімді саясатқа» қарай жылжу;

- Даму мақсатында сыртқы және ішкі факторлар мен ресурстарды синтездеу – «үйлесімді әлем» құрудағы «жаңа дипломатияның» міндеті.

ҚКП ОК қарасты Бюро директорының орынбасары, Салыстырмалы саяси және экономикалық зерттеулер орталығының басшысы Юй Кэпин «үйлесімді әлемді» заманауи саясаттану термині ретінде талқылады: «Қытай ұсынған үйлесімді әлем теориясы әлемде тараған жаһандық басқару теориясымен ұқсас келеді. Бұл екеуі де адамзат тағдырын қорғау жайын сөз етеді. Екеуі де унилатерализм мен гегемонизмге қарсы шығады» [9, 31 б.].

«Үйлесімді әлем» саясаты халықаралық қатынастардағы өзгерістер және Қытайдың күшеюіне байланысты дайындалды. «Үйлесімді әлемге» сәйкес Қытай АҚШ, Ресей, Жапония, көршілес елдер, дамушы мемлекеттермен байланысын үйлесімді қылуды көздейді. Яғни, ҚХР өзін жетекші мемлекеттермен тең дәрежеде қарастырады. «Үйлесімді әлем» – өзгеріп жатқан әлемдегі жаңа беталыстар негізінде Қытайдың әлемдік көзқарасы. Бұл екі тұжырымдама ҚХР сыртқы саяси принциптерінің концептуалдық негізінде маңызды орын алады.

Мемлекетаралық байланыстар тұрақты даму үшін экономикалық, саяси, дипломатиялық және мәдени қатынастардан бөлек әрбір елдің «сыртқы әлемдегі» бейнесі үлкен орын алады. Бұл, әсіресе, жаһанданудың үдеп келе жатқан қазіргі кезеңінде маңызды.

Осы орайда ҚХР-дың «жұмсақ күш» тұжырымдамасы «үйлесімді әлемнің» заңды жалғасы болып табылады.

Қытайлық көшбасшылар әлемдік қауымдастық әрқилы қабылдап үлгерген «бейбіт өркендеу» тұжырымдамасынан кейін оның орнына «жұмсақ күш», яғни әлемге қытайлық сыртқы саясаттың конструктивті және зорлық-зомбылықсыз сипатын таныстырып көрсету, Қытайдың тартымды бейнесін құру идеяларын алып келді.

Болашақта ұзақ мерзімде Қытайдың халықаралық жауапкершілігі материалдық деңгейде ғана емес, мәдени-рухани салада да көрініс береді. Басқаша айтқанда, әлемдегі істерді бақылау жауапкершілігін бөле отырып, Қытай негізінен қатаң емес, «жұмсақ күшке» жүгіне бастайды. Қытай барлық мемлекеттердің ортақ қызығушылықтарына сәйкес келетін көптеген идеяларды ұсынды. Уақыт өте келе, олардың ықпалы өсе бастайды. Басшылыққа Ху Цзиньтао келген соң, Қытайдың бейнесін жасақтау бойынша жұмыстарда жаңа акценттер пайда болды. Қытай теоретиктері американдық ғалым Джозеф Най ұсынған «жұмсақ күш» түсінігіне жиі жүгінеді. Бұл түсінік мәдениет пен саяси идеалдарын қару немесе ақшаның «қатты күшін» пайдалану көмегімен ықпал етудің орнына өзге мемлекеттердегі адам әрекеттеріне ықпал қызығушылықтарында «материалды емес билік қорларын» пайдалануды көздейді [10].

Бұл тұжырымның ресми партия саясаты құрамына енуі ҚКП XVI съезінде жүзеге асты: өз сөзінде Ху Цзиньтао «мемлекеттің мәдени жұмсақ күшін арттыруға» шақырды. «Жұмсақ күш» тақырыбы қытайлық қоғамтану мен басылым беттерінде 1990-шы жылдардың соңына қарай көтеріле бастады. Алайда билік өкілдері мен сарапшылар қауымдастығының назарына ол тек 2004 жылы ілінді. Қытай зерттеушілері ҚХР Мемлекеттік Кеңесі премьерінің орынбасары Цянь Цичэннің 2004 жылы «Гоцзи вэньти яньцзю» («Халықаралық мәселелердің зерттелуі») журналының №1 санында жарияланған мақаласын ерекше бөліп көрсетеді. Бұл мақалада АҚШ-тың 11 қыркүйектегі оқиғадан кейін антитеррористік саясатын жүзеге асыра бастағандығы, алайда Иракта қиын жағдайға тап болғандығы қозғалады. «Қатаң күшті» қолдану негізінде жасақталған бұл стратегия өзінің тиімсіздігін дәлелдеді. Ол «жұмсақ күш» пен халықаралық институттардың рөлін бағаламады, нәтижесінде Америка ұлттық қауіпсіздік стратегиясын жүзеге асыру үшін қажетті кейбір маңызды құралдардан айырылды [11, 311 б.].

«Жұмсақ күштің» бір көрінісі – айналадағы мемлекеттермен бейбіт көршілестік атмосферасын құруға бағытталған дипломатия. Басқа ресурстар ретінде мәдениет, оның ішінде «Қытай жылдарын» өткізу бойынша мемлекеттік бағдарламалар және ҚХР Мемкеңесімен дүниежүзіне қытай тілін тарату бойынша Конфуций институттарын құру болып табылады. Қазіргі уақытта әлемнің 75 елі мен аймағында осындай 253 институт қызмет жасауда. ҚХР Ағарту министрлігі 2010 жылы ғаламшарда 100 миллион адам қытай тілін шет тілі ретінде үйренетінін санап шығарды, бұл уақытқа дейін бүкіл дүниежүзіндегі Конфуций институттарының санын көбейту жоспарлануда [12, 204 б.].

ҚХР Төрағалығына бесінші буын басшысы – Си Цзиньпиннің келуімен ҚХР сыртқы саясаты жаңа сипат алғаны белгілі. Осы орайда Қытайдың «Бір белдеу – бір жол» бастамасы 2013 жылы ҚХР Төрағасы Си Цзиньпиннің Орталық Азия елдері мен Индонезияға сапарында алғаш рет жарияланды. Бұл бастаманың осы аймақтарда жариялануы оның келешектегі сыртқы саяси принциптерімен байланысты болатыны заңдылық. «Бір белдеу – бір жол» бағдарламасы ҚХР сыртқы саясатындағы «сыртқы әлемге ашықтық», «бейбіт өркендеу» және «үйлесімді әлем», «жұмсақ күш» тұжырымдамаларының заңды жалғасы.

«Бір белдеу – бір жол» бағдарламасы екі бағыттан тұрады: біріншісі - «Жібек жолының экономикалық белдеуі» Ресей және Орталық Азия елдері арқылы Еуропаға, екіншісі – «XXI ғасырдың Теңіз жібек жолы» Қытай, Индия, Пәкістан және Африка мемлекеттерін байланыстырып, теңіз жолдарын бұрынғыдан 1200 шақырымға қысқартады. Бұл жоба Қытайда 2014 жылы бекіткен бірқатар ұйымдардың қаржылық көмегімен және 2016 жылы 16 қаңтарда іске кіріскен Жібек жолы қоры арқылы жүзеге асырылады. Бұл қорға Бейжің 40 миллиард доллар қаражат салып, оның көлемін \$ 100 млрд-қа жеткізуді көздеуде. [13, 35 б.].



Қытай «Бір белдеу – бір жол» жобасы арқылы көршілес, жақын аймақпен ғана емес, стратегиялық маңызды мемлекеттермен де байланысын нығайтады. Соңғы жылдары Қытай Африканың 35 мемлекетінде 500-ден астам инфрақұрылымдық жобаларды іске асыруға көмектесті. Осы жобалар бағасының 30 % Қытайдың үлесіне тиді. [14, 225 б.].

2016 жылы Си Цзиньпин Сауд Аравиясына, Египетке және Иранға ресми іссапармен барды. Іссапардан екі апта бұрын Қытай «Қытай-араб саясатының құжаты» құжатын жариялап, Таяу және Орта Шығыс елдеріне қарым-қатынасын белгілеп алды. Соған сәйкес қарым-қатынастың негізі – 1+2+3 формуласымен жүреді, оның жүрегі – энергетика саласы, қанаттары – инфрақұрылым, сауда және инвестиция, ал «Бір белдеу – бір жол» - осы құрылымның қаңқасы. Қытай араб елдерімен терроризммен бірігіп күресуге, саяси диалогты күшейтуге және барлау мәліметімен алмасуға дайын екендігін білдіреді[15]. Қытай бұрын-соңды араб мемлекеттеріндегі саясаты туралы құжаттарды жарияламаған. Ең алғашқы рет назарға ұсынылған мұндай құжат Бейжіңнің әлемдік қатынастардағы араб елдерінің орнын жоғары бағалайтынын білдіреді.

«Жібек жолының экономикалық белдеуі» стратегиясы аясында Қытайдың аймақтағы экономикалық қатысуы арта беретін болғандықтан, оның аймақтық держава ретінде белсенділігі де артады деп болжаймыз. Қытай сыртқы саясатында өзге мемлекеттің ішкі ісіне араласпау принципін сақтайды. Өйткені реформалар мен даму саясатын ары қарай табысты жүргізу үшін Қытайға халықаралық жағдайдың тұрақты болғаны тиімді. Бейжіңнің басты міндеті – энергетикалық қауіпсіздікті қамтамасыз етіп, тауарлар мен инвестиция үшін жаңа рыноктарға қол жеткізу. Қытай өзінің сыртқы саясатын экономизациялау арқылы ықпалын арттыруды көздеп отыр.

Халықаралық саясаттың көптеген бағыттары бойынша ҚХР жасалған қадамдардың көбі белгіленген мақсатқа аса мұқияттылық және сақтықпен әлемдік жетекшілікке қарай қозғала алу қасиетін көрсетті. Экономикадағы және сыртқы саяси қызметтегі жетістіктерінен басқа – өз беделі туралы мәселені ең басты назарда ұстап Қытай сыртқы ортамен өзара әрекет етудің жаңа дәуіріне шықты. Халықаралық қатынастар жүйесінің бүгінгі талаптарына байланысты Қытай басшылары сыртқы әлем туралы мемлекеттің қабылдауына өзгерістер енгізіп келеді. ХХІ ғасырдағы Қытай сыртқы саяси принциптері қытай халқының ХІХ-ХХ ғасырдағы концепциялары, мемлекеттің әлеуметтік-экономикалық дамуымен бірге дамып, жаңаша сипатқа еніп, халықаралық қарым-қатынастар жүйесінің өзгерісіне сай толықтырулар енгізіліп келеді.

#### **Қолданылған әдебиеттер тізімі:**

1. Полный текст доклада, с которым выступил Ху Цзиньтао на XVIII съезде КПК // <http://russian.people.com.cn/31857/206269/index.html>
2. Китай в XXI веке: актуальные тенденции развития ключевых сфер жизни / Колл. авт. Под. ред. А.С. Каукунова. – Алматы: Центр по изучению Китая при ИМЭП, 2008. - С. 76.
3. Цзян Цзэминь. О социализме с китайской спецификой: сб. высказываний по темам / Пер. с кит. – М.: Ин-т Дальнего Востока РАН, 2002. – 385 с.
4. Сыроежкин К.Л. Нужно ли Казахстану бояться Китая: мифы и фобии двусторонних отношения. – Астана; Алматы, 2014. – 432 с.
5. Бергер Я. Большая стратегия Китая в оценках американских и китайских исследователей // Проблемы Дальнего Востока. – 2006. - №1. - С. 12.
6. Кэпин Юй. Идеал гармоничного мира и китайская дипломатия // Ляован синьвэнь чжоукань. - 2007. - № 17. - С. 31.
7. Ли Гуанминь. **世界经济与政治和当代中国外交**(Мировая экономика, политика и современная китайская дипломатия). – Пекин, Издательство чжунго шуцзи (литературы Китая). – 2001. – 367 с.
8. Сафронова Е.И. От «мирного возвышения» к «гармоничному миру»: эволюция концептуального обоснования внешнеполитического курса КНР в начале ХХІ в. // Китай в мировой и региональной политике. История и современность. Вып. ХІІІ (специальный) – М.:

ИДВ РАН, 2008. – С.122-123

9. Ли Син. Об оздоровлении мирового порядка и новом мышлении в китайской дипломатии // Проблемы Дальнего Востока. – 2006. - №3. – С.151-152

10. Най Дж. Гибкая власть: Как добиться успеха в мировой политике / пер. с англ. - Новосибирск; М.: Фонд социопрогностических исследований «Тренды», 2006. – С. 77

11. China, the United States and the future of Central Asia. U.S. – China relations, Volume 1 / edited by David B.H. Denoon. - New York University press, New York and London, 2015, 425 pp. Thomas J. Christensen. The China Challenge: Shaping the Choices of a Rising Power. - 1 edition. - New Jersey: W. W. Norton & Company, 2015. - 400 p.

13. Губайдуллина М.Ш. Две стратегии – один путь: казахстанско–китайские отношения на новом Шелковом пути // «Один пояс – один путь»: Сотрудничество и устойчивое развитие сопредельных государств. – Алматы: Изд-во Қазақ Университеті, 2016 2016 №1, 34 - 44 стр.,

14. Peter Harris. The Imminent U.S. Strategic Adjustment to China, The Chinese Journal of International Politics, 2015, 219-250 pp.

15. Кузык Б.Н., Титаренко М.Л. «Китай-Россия-2050: Стратегия соразвития/ Кузык Б.Н., Титаренко М.Л. – М.: Институт экономических стратегий, 2006. – 656 с.

ӘОЖ 323.22/.28

## **XX ҒАСЫРДЫҢ 60-70 ЖЫЛДАРЫНДАҒЫ КЕҢЕС – ҚЫТАЙ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСТАРЫ**

**Бектұрсынова Назерке Бектасқызы**

nazerke\_bectursynova@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ Халықаралық қатынастар факультеті, Шығыстану  
кафедрасының студенті, Ш-41 тобы, Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі – Т. З. Қайыркен

Кеңес – Қытай қарым-қатынастары қашаннан әлемдік саясаттың басты мәселелерінің бірі болды. Бұл Қытай Халық Республикасы мен Кеңес одағының сыртқы саясатында ғана емес, жалпы халықаралық қатынастар жүйесінде де маңызды орынды алады. Әсіресе, Кеңес – Қытай қатынастары Қытайда революцияның жеңіске жеткенінен кейін ерекше сипатқа ие болды. Кеңестік және қытай халықтарының достығы социалистік интернационализм, теңдік, тәуелсіздік пен егемендікті құрмет тұту, өзгенің ішкі істеріне араласпау, өзара пайда, ортақ мұратқа бірге жету сынды факторлардың негізінде құрыла отырып, дүниежүзілік социалистік жүйеге де өз әсерін тигізді.

XX ғасырдың 60-70 жылдары екі тарап арасындағы жағдайдың нағыз шиеленіскен кезеңімен сипатталады. Кез-келген мемлекет секілді ҚХР да өз тәуелсіздігін алғаннан кейін ішкі және сыртқы саясатты реттеуге күш салды. Осы ретте Мао Цзэ-дун жетекшілік еткен Қытай коммунистік партиясы сыртқы саясаттағы басты назарды Кеңес Одағымен достық қатынасқа аударған болатын. Алайда, субъективті және объективті факторлар кеңес-қытайлық қарым-қатынасқа өз залалын келтірмей қоймады. Қытайдың маоистік үкіметі бұрыннан көкейінде жүрген әлемдік коммунистік қозғалысқа ұлыдержавалық, үстем етуші ойын жүзеге асыруға талаптанды. Сондай-ақ социалистік қағидалардан бас тартып, марксистік-лениндік идеологиялардың орнын маоизм концепциясымен алмастыруға тырысты. Қытайлық үгіт-насихат құралдарында «Мао Цзэ-дун көзқарастарының» мәні туралы жарияланды. Мао және оның жақтаушылары КСРО және басқа да социалистік мемлекеттермен достық байланысты үзуге жағдай жасады.

1960 жыл совет-қытай қарым-қатынастарының дамуында бетбұрысты кезең болды. Жаңа кезеңнің басы ҚКП жетекшілігі күшінің басым болуымен Қытай Халық Республикасына ұлтшылдық бағытты байлады. Бұл бағыттың пайда болуы ҚХР-ның сыртқы